

туры с использованием дифференцированного подхода для получения высокоэффективных знаний показали, что дети имеют больше возможностей для правильного усвоения темы. Повышение интереса учащихся к занятиям начинается с дифференциации заданий, деления их на основные, подготовительные и специальные группы. Определены задачи, содержание и темпы освоения программного материала, эффективность организации через ранжирование и оценку достижений. Практический опыт показывает, что все классы имеют группы сильных, слабых и средних учеников, и статистически значимые различия между успеваемостью этих групп. Показана система методов, направленных на установление взаимосвязи между содержанием и характером учебных занятий с индивидуальными особенностями учащихся разных уровней. Изложены методы взаимного обучения учащихся и важность их использования для повышения эффективности учебного процесса.

**Ключевые слова:** технология дифференцированного обучения, физкультурные задания, упражнения, физкультурные занятия, разделы урока.

**SAFARGALIEVA, G.N., ZHUMEKENOVA, D.E.,**

**METHODS FOR OPTIMIZING THE PROCESS OF PHYSICAL EDUCATION USING THE TECHNOLOGY OF DIFFERENTIATED EDUCATION**

*This article discusses one of the areas of improving physical education of students, the use of a differentiated approach in physical education lessons as the most important condition for optimizing the process of learning and education. In physical education classes, using a differentiated approach to obtain highly effective knowledge, it was shown that children have more opportunities for proper assimilation of the topic. Increasing students' interest in classes begins with the differentiation of tasks, dividing them into basic, preparatory and special groups. The tasks, content and pace of mastering the program material, the effectiveness of the organization through ranking and evaluation of achievements are determined. Practical experience shows that all classes have groups of strong, weak and average students, and statistically significant differences between the performance of these groups. The system of methods aimed at establishing the relationship between the content and nature of training sessions with the individual characteristics of students at different levels is shown. The methods of mutual learning of students and the importance of their use to improve the effectiveness of the educational process are described.*

**Key words:** differentiated learning technology, physical education tasks, exercises, physical education classes, lesson sections.

ӘОЖ 796.799

**Балтабай, Д.Ө.,**

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының  
4 курс студенті,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

**Ибраева, Р.Ж.,**

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

аға оқытушы,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

**Бекмухамбетова, Л.С.,**

Экономика ғылымдарының

магистрі, аға оқытушы,

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ

Қостанай, Қазақстан

**ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ  
САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Түйін**

Бұл мақалада деңгейлеп оқыту арқылы дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру туралы жазылған. Бұл технологияда бірінші орында оқушы

тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Деңгейлеп оқыту технологиясының төрт деңгейлік тапсырмаларын барлық оқушылардың толық орындауы талап етіліп, әр деңгей ұпаймен белгіленіп, рейтингті жүйелеп есептелінеді, мониторинг бойынша баға қойылады. Деңгейлеп оқыту технологиясы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқытуды көздейді. Яғни мықтылар өз қабілеті мен икемдігін бекіте түседі. Әлсіздер өзіне сыни көзбен қарауға дағдыланып сенімсіздіктен арылып, белсенділігі артады. Күшті топтарда оқуға деген құлшыныс ұлғайып, білім дәрежесі деңгейлес топтарда оқу жеңілдейді

Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзілік білім әлеміне кіру мақсатында Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауда: мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, оқушылардан танымдық, шығармашылық потенциалдық дамытуды талап етеді.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

**Кілт сөздер:** педагогикалық технология, деңгейлеп-саралап оқыту, деңгейлік тапсырмалар, мониторинг, саралап оқыту.

## **1. Кіріспе**

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды [4].

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін аркалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда [2].

**Зерттеудің мақсаты:** жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісінде «Деңгейлеп оқыту технологиясын» пайдалануды теориялық, практикалық жағынан негіздеу және дене шынықтыру пәнінде тиімділігін көрсету.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдер мен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруге көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшелік-

терін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру-бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе. Еліміздің басынан өтіп жатқан жанартаудай «сілкіністер» бүгінгі білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енгізуде. Заман талабы «білу аз, сол білгенінді іске қолдана білу» дейді. «Әркім қолда барын ұсынады» деп немқұрайдылыққа салынсақ алдымызда отырған бейкүнә шәкірттердің тағдырына қиянат жасаған болар едік.

Өзектілігі – Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алуғағы белсенділігіне аса назар аударады.

Саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Л.Вьютский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б. ғалымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили, т.б. зерттеулерінде қарастырылады.

*Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:* әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

*Міндеттері:*

1. Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дене шынықтыру пәндерінде спортқа бейім оқушыларды (болашақ спортшыларды) анықтау және олармен жұмыс істеу.

*Деңгейлеп-саралап оқытудың негізгі бағыттары:* оқушыларды қабілеті бойынша топтау, кәсібі бағдар бойынша топтау; сынып ішінде саралау. Жалпы білім беретін мектептерде саралап оқытуда әртүрлі әдістер қолданылады. Соның ішінде саралаудың маңызды түрі – деңгейлеп саралап оқыту. Бұның басты ерекшелігі – оқушыларға берілетін тапсырмалардың деңгейлерге бөлінуі және олардың меңгерген білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптардың саралануы материалды меңгерудің төменгі жеткілікті шегін қамтитын міндетті дайындық. Бұл деңгей – барлық оқушылардың шамасы жететін деңгей. Осы деңгейдің барысында курсты меңгерудің жоғары деңгейлері қалыптасады. Оқушылар бір сыныпта бір бағдарлама бойынша білім ала отырып, қабілеттеріне, қызығушылығына сай деңгейді талдауға мүмкіндік табады. Сонымен бірге оқушының төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге ұмтылуын қамтамасыз етеді [1].

*Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:*

- сынып оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы;
- білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;
- оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы;
- деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мұғалімдерге тиімділігі;
- деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;
- оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;
- білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі.

*Деңгейлеп оқыту ерекшелігі:*

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалы, күрделенген деңгей. Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді [3].

Сабақта негізінен 4 деңгейлі тапсырмалар берген ұтымды. Деңгейлік тапсырмаларды құрастыруға төмендегідей талаптар қойылады.

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

1. Жаттап алуға лайықталған болуы керек.

2. Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.

3. Тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Екінші деңгейдегі тапсырмаларға: Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады. Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар.

Ребустар мен сөзжұмбақтар.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмалар түрлері.

1) Танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағыда жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

2) Әртүрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін тапсырмалар.

3) Өздігімен мысалдар, тапсырмалар құрастыру және оны өздігінен шешімін табу. Диаграмма, сызбалар салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары:

1) Оқушыларың жинаған өмірлік тәжірибесі мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.

2) Олимпиадалық (спортакиадалық) тапсырмалар.

3) Берілген тақырыптарға өз бетінше реферат, баяндамалар, ғылыми жобалар дайындау.

Демек бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Сонымен, олар бірінші деңгей үшін – игерілген материалды пысықтаумен қайталауға, командалар мен операторлар қызметін жаттауға арналған. Жоғары деңгей үшін – алған білімдерін өздігінен қорыту мен жүйелеуге және тәжірибеде қолдануға арналған тапсырмалар.

*Деңгейлік тапсырмалардың ауқымы өте кең.*

Оқулықтағы жаттығулар – өтілген ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған жұмыстар жүйесі. Деңгейлік тапсырмалар құрамында мәтіндер, сөзжұмбақ, қызықты грамматика, тестік сұрақтар, іскерік ойындар мен тренингтер жүйесі қамтылады. Бұлар оқытудың деңгейіне сәйкес оқушыны саралап оқытуға ыңғайлы, әрі оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысына деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді. Тасырманы

орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді. Оны шешуде ақыл-ойы дамиды, ойлануына жан-жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады [5].

## 2. Материалдар мен әдістер

Дене шынықтыру пәндерінде деңгейлеп оқыту технологиясының мүмкіндіктеріне сүйену оның тиімділігін арттырып, маңыздылығын ескеру жөніндегі менің болжамым. Зерттеу кезеңінің бірінші кезеңінде ең алдымен сыныптағы оқушылардың бірін-бірі таңдауды (симпатия) бақылаудан бастадық. Бақылау жұмысын мынандай міндетті алға қойды:

- жаттығуды орындау арқылы оқушылар өз деңгейіне байланысты тапсырмаларды таңдайды;

- дене шынықтыру пәнін алдымен стандартты бағамен жүргіздік;

- осы пәннен алған білімдерінің көрсеткіш үлгерім сапасын анықтап алдық.

15 оқушыға жүргізген тест жауаптарын талдай келе оқушыларды міндетті деңгейдегі мүмкіндіктерін бастапқы кезеңді анықтадық. Оқушылардың жаңа тақырыпты өз беттерімен меңгерілуі үшін қолайлы әдіс-тәсіл: тапсырмаларды сұрақ-жауап, диалог түрінде беріп, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға бағыт-бағдар беру. Бұл тапсырмалар негізінен жаңа тақырып бойынша ережелерді оқушылар өз бетімен орындауы және тапсырмаларды өздігінен құрастыруға жетелейді.

Зерттеу барысында 15 оқушы тестке қатысты. Мұнда эксперименттік тобының жоғары деңгейі 25,6%, орта 30,8%, төмен 43,6% көрсетсе оқушылардың тек стандартты деңгейде жұмыс істеулері пәндік білім беру мазмұнының өз деңгейінде болмай, тек бір дарынды тұрғыда ғана берілмеуі, балалардың жасап жатқан жаттығулар әрекетіне көңіл бөлмеуі ескерілді.

Эксперимент жүргізудің екінші кезеңінде білім берудегі инновациялық технологиялар әдістерін басшылыққа ала отырып, деңгейлеп оқыту технологиясының негізіне сүйендім. Дене шынықтыру пәнінде оқушыларға сабақ беру процесінде деңгейлеп оқыту технологиясын үйрету. Бұл дегеніміз деңгейлік тапсырмаларды әрбір өтілген сабақ тақырыбына құру.

Арнайы тест, сауалнама жүргізу арқылы білім мониторингін базалау, реттік көрсеткіштерін алып отыру. Әрине, оқушыда алгоритмдік, эвристикалық және шығармашылық деңгейдің қалыптасуы қарастырылды. Ол үшін әрбір оқушымен сабақта деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін қолданудан бастадым. Әрбір деңгей тапсырмасын оқушы үшін бір мәселе тудырды. Әрбір сабақта түрлі тәсілдерді ұйымдастырдым.

Біріншіден сұрақ қою арқылы, екінші арнайы даярланған жаттығулар, сызбалар, логикалық тапсырмалар беру арқылы. Үшіншіден, пікір айту тапсырмаларын талдау, өз пікірлерін қолдау, шешім қабылдау. Төртіншіден, тапсырма бойынша немесе оқыған тақырып бойынша деңгейлік жаттығулар жасау қарастырылады.


*Сауалнама жүргізу.*

*Сауалнаманың мақсаты:* Оқушының мұғалімді бағалауы, оқушының өзін-өзі бағалау деңгейіне деген көзқарасты анықтау. 9 «а» сынып оқушылары арасында өтілген сауалнамаға 15 оқушы қатысты. Сауалнама өткізу барысында, оқушылар уақытың үнемдеп, жалқырмай және шың жауап беру үшін сауалнамада құс белгісімен белгілеу әдісін қолдандым.


Оқушылардың жаңа тақырыпты өз беттерімен меңгерілуі үшін қолайлы әдіс-тәсіл: тапсырмаларды сұрақ-жауап, диалог түрінде беріп, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға бағыт-бағдар беру. Бұл тапсырмалар негізінен жаңа тақырып бойынша ережелерді оқушылар өз бетімен орындауы және тапсырмаларды өздігінен құрастыруға жетелейді.

## 3. Нәтижелер мен талқылау

Экспериментке дейінгі нәтежиені (1-суретте көрсетілген), эксперименттен кейінгі нәтежиені (2 -суретте көрсетілген).



1-сурет – Дене шынықтыру сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі (эксперимент топ) Экспериментке дейінгі кезең



2-сурет – Дене шынықтыру сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі (эксперимент топ) Экспериментке дейінгі кезең

Алынған нәтиже бойынша дене шынықтыру пәндерінде деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша сабақ жүргізудің толық мүмкіндіктері бар. Себебі: бұл технологияға сүйене отырып сабақта жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыда дамытатын көрсеткіштер талданып маңыздылығы анықталған. Дене шынықтыру сабақтарында деңгейлеп оқыту технология сының тиімділігі мен маңыздылығын анықтау жұмысымызды жасап қорытындыға келдім.

Эксперимент нәтижесі бойынша мұндай модельді сабақтар технологиясының басты деңгей + оқыту әдісінің жағдайы + оқытудың әр түрлі формасы + әр түрлі тексеру + дидактикалық материал жеке жаттығулар жасау ретінде тапсырмалар:

- оқушының танымын, қызығушылығын, ойлау қабілетін ояту;
- өз бетінше жұмыс істеуге жол берді;
- оқушылардың тақырыпты түсінуге құлшынысының пайда болуы;
- оқушының жеке дара қасиетін дамытады;
- психологиялық процестердің барлық түрін дамытады;
- өзіндік жұмыс жасауға әсер етеді;

- жаңа тақырыпты түсінуге, естуге, көруге оқушыларды дамытады.

Сондықтан, мұндай сабақ моделін оқушының білімдерін дамытады деп есептеуге болады деген қорытындыға келдім. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдана отырып, оқушылардың оқуға, білімге деген көзқарастарын және де қызығушылығын ояттым.

#### **4. Қорытынды**

Қорыта айтқанда, деңгейлеп оқыту технологиясының иімділігі осы тәжірибе барысында байқалып, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен қатар шығармашылық деңгейі де көтерілді. Нәтижесінде: жан-жақты шығармашылық іс-әрекеті бар тұлға болып қалыптаса алады.

Зерттеу нәтижелері мен жоғарыда айтылған қорытындылар негізінде келесі практикалық ұсыныстар ұсынылады: деңгейлеп оқытуды жүйелі ұйымдастыру үшін толық анализ жасаған жөн, оқушылармен саунамалар мен әнгімелесі арқылы деңгейлік тапсырмалды жасау үшін оқушыларды қызығушылықтары мен қиыншылықтарын білу қажет, қажетті талдау жұмыстарынан кейін әр сабақтарға жоспар құру керек, сабақты жаңа оқу технологиясы дұрыс бастау үшін мұғалім алдымен тапсырмаларды жаттығуларды дұрыс орындалу алгоритмын көрсету маңызды, оқыту барысын бағалау үшін әр сабақтың соңында мұғалім мен оқушы кері байланыс жасау қажет, оқушыларды өзің-өзі басқару үшін бағалау критериялары мен дискрипторлар берілу қажет, алынған білімнің сапасы анықтау үшін сынақтар өткізу керек, айтылған ұсыныстар тәжірибе барысында еліміздегі жағдайларға байланысты толыққанды қолданыста бола алмады. Деңгейлеп оқыту технологиясын дене шынықтыру сабақтарында қолдану үшін тағы да бірақ эксперимент жұмыстарын жасаған жөн.

#### **Әдебиеттер тізімі**

Базарбегі Т. «Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі» / Алматы; Рауан, – 1994 ж.

Брусиловский М.В. «Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт очерктері» / Алматы, «Кітап», – 2001 ж.

Берібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» / Алматы, – 2014 ж.

Қараев Ж. «Оқушылардың шығармашылық қабілетін деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы дамыту жолдары» / Алматы, – 2008 ж.

Уанбаев Е.Қ. «Спорт және дене тәрбиесі пәнін оқыту әдістемесі» / Өскемен, – 2014 ж.

#### **БАЛТАБАЙ, Д.Ө., ИБРАЕВА, Р.Ж., БЕКМУХАМБЕТОВА, Л.С.,**

#### **ОРГАНИЗАЦИЯ ФИЗИЧЕСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ЗАНЯТИЙ ЧЕРЕЗ УРОВЕНЬ ПОДГОТОВКИ**

*В этой статье рассказывается об организации занятий по физической культуре с помощью уровневого обучения. В этой технологии на первом месте стоит ученик и особое внимание было уделено его активности в самообразовании. Сегодня главная задача системы образования страны-повышение уровня образования подрастающего поколения на международном уровне путем перехода к национальному модулю образования. Четырехуровневые задания технологии уровневого обучения требуют полного выполнения всеми учащимися, каждый уровень определяется баллами, систематизируется рейтинг, выставляется оценка по мониторингу. Технология уровневого обучения предусматривает обучение в зависимости от уровня способностей и возможностей каждого учащегося. То есть сильные укрепляют свои способности и гибкость. Слабые, привыкшие к критическому отношению к себе, избавляются от неуверенности и активизируются. Увеличивается желание учиться в сильных группах, облегчается обучение в группах с уровнями образования*

*В настоящее время в Казахстане создается новая система образования, чтобы войти в мир образования. Этот процесс сопровождается конкретными изменениями в теории педагогики и образовательного процесса. Изменения в различных сферах страны требуют нового подхода к обучению: новой организации учебного процесса учителя, развития познавательного и творческого потенциала учащихся.*

*Будущее нашей страны и ее включение в число цивилизованных стран отражается в образе сегодняшнего поколения. Необходимо развивать новый тип обучения, основанный на лучших мировых практиках, то есть создавать благоприятные условия для развития природных способностей*

каждого ребенка. Обновилось содержание современного образования, появился новый подход, появились новые технологии обучения. То есть в нашей деятельности широко используется понятие педагогической технологии.

**Ключевые слова:** педагогическая технология, дифференцированное обучение, уровневые задания, мониторинг, дифференцированное обучение.

**BALTABAY, D.O., IBRAEVA, R.ZH., BEKMUKHAMBETOVA, L.S.,  
ORGANIZATION OF PHYSICAL EDUCATIONAL ACTIVITIES THROUGH TRAINING LEVEL**

*This article describes the organization of physical education classes with the help of level training. In this technology, the student is in the first place and special attention was paid to his activity in self-education. Today, the main task of the country's education system is to raise the level of education of the younger generation at the international level by switching to the national education module. Four-level tasks of level-based learning technology require full completion by all students, each level is determined by points, a rating is systematized, and a monitoring score is set. The technology of level-based learning provides training depending on the level of abilities and capabilities of each student. That is, the strong strengthen their abilities and flexibility. The weak, who are used to being critical of themselves, get rid of their insecurities and become more active. The desire to learn in strong groups increases, and learning in groups with different levels of education becomes easier.*

*Currently, a new education system is being created in Kazakhstan to enter the world of education. This process is accompanied by concrete changes in the theory of pedagogy and the educational process. Changes in various areas of the country require a new approach to learning: a new organization of the teacher's educational process, the development of the cognitive and creative potential of students.*

*The future of our country and its inclusion in the number of civilized countries is reflected in the image of today's generation. It is necessary to develop a new type of education based on the best world practices, that is, to create favorable conditions for the development of natural abilities of each child. The content of modern education has been updated, a new approach has appeared, and new teaching technologies have appeared. That is, the concept of pedagogical technology is widely used in our activities.*

**Key words:** pedagogical technology, differentiated training, level tasks, monitoring, differentiated training.

**УДК 372.881.111.1**

**Balzhanova, A.M.,**  
*senior lecturer of foreign  
languages department,  
A.Baitursynov KRU,  
Kostanay, Kazakhstan*

**PROMOTING LEARNING SKILLS (4Cs) IN THE ENGLISH CLASSROOM**

**Abstract**

*The article explores the issue of developing students' learning skills (4Cs): critical thinking, communication, collaboration, creativity. These skills are included in the list of competencies of 21st century and students also need these skills to succeed in their future professional life. The special role is given to knowledge of foreign language that is considered to be one of the tools for enhancement of professional knowledge and opportunities. The article presents some techniques to support developing students' learning skills (4Cs) at English classes.*

**Key words:** education, foreign language, learning skills (4Cs), critical thinking, communication skills, creativity.

**1. Introduction**

One of the aspects of education development in the world is enhancement of 21st century skills, and in this regard it is also of high priority for the education system of Kazakhstan. The